



ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№47 (955) Сәрсенбі 26 қараша 2025 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>



ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде трансшекаралық хабтарды дамыту мәселелері, қалдықтардың барлық түрін басқарудың 2026-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы талқыланды. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейін аймақ басшысының төрағалығымен өткен мәжілісте осы және өзге де мәселелер қаралып, жауапты сала басшыларына тапсырмалар жүктелді.

«Қала, аудан әкімдіктері, жөндеуден өткен көшелер мен көпір өткелдеріндегі асфальт жабындысының бұзылмауын қатаң бақылауға алыңыздар. Су, электр, газ желілерін тартқанда асфальтқа зақым келмеуі тиіс. Қалалар мен елді мекендер аумағын абаттандыру қағидасының сақталуына жүйелі рейд ұйымдастыру керек. Экологиялық құқықбұзушылықпен күресте бейнекамералар тиімділігін көрсетуде. Учаскелік инспекторлардың бекітілген аумақтарын үнемі бақылап, белгіленбеген орынға коқыс тастауға болмайтынын ескертіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізуі өте маңызды. Қоғамдық орындарды тастау фактілерімен

күресте жаңа технологияларды кеңінен пайдалануымыз қажет. Қалдықтарды жою, абаттандыру қағидаларын сақтау туралы түсіндірме жұмысын тұрақты жүргізіңіздер. Әсіресе, қоғамдық орындарды тастағандарды, белгіленбеген жерге коқыс төккендерді анықтап, алдын алуды қатаң бақылаңыздар», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Тұжырымдама шеңберінде атқарылған жұмыстарды атап айтсақ, өңірде коммуналдық, өнеркәсіптік қалдықтарды басқару бағытында 23 кәсіпкерлік субъектісі бар. Жыл басынан бері жиналған 230 мың тонна коммуналдық қалдықтың 75 мың тоннасы, 103 мың тонна өнеркәсіптік қалдықтың 81 мың тоннасы өңделген. Тұрмыстық қатты қалдықтарды басқару саласында 98 млрд 700 млн теңгеге бағаланған 9 жоба, түсіндірме жұмыстарын жүргізуі өте маңызды. Қоғамдық орындарды тастау фактілерімен

ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІ – ӘР АЗАМАТТЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Бүгінгі таңда елімізде жол-көлік оқиғаларының алдын алу – аса өзекті мәселелердің бірі.

Қызылорда облысы Полиция департаменті жыл басынан бері жол-көлік оқиғаларының алдын алу бағытында кешенді іс-шаралар жүргізіп келеді. Соның ішінде «Қауіпсіз жол», «Мотоцикл», «Скутер», «Автобус», «Тасмалдаушы», «Абайлаңыз, балалар!», «Бала – сіздің жолаушыңыз», «Құқықтық тәртіп» жедел-профилактикалық іс-шаралары және «Жолда қабылдау» акциялары бірнеше рет өткізіліп, тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстары күшейтілді. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында Облыстық ПД Әкімшілік полиция

басқармасы бастығының орынбасары Мұратбек Манатов баяндады.

«Жыл басталғалы 10 айда жол апатынан қаза болғандар саны 10,9 пайызға төмендегенімен жалпы жол-көлік оқиғалары мен жаракат алғандар саны азаймай тұр. Бұл - алаңдатарлық жағдай. Ішкі істер министрлігінің нұсқауына сәйкес, жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында 18-23 қараша күндері республика көлемінде «Қауіпсіз жол» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілуде. Бұл кезеңде Қызылорда облысында қызмет күшейтіліп, 461 полиция қызметкері жұмылдырылды. Іс-шараның алғашқы екі күнінде облыс көлемінде 1150 әкімшілік құқық бұзушылық анықталды» - деді Мұратбек Меірамбекұлы.



ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ – САПАЛЫ БІЛІМДЕ

Қызылорда қаласындағы СПМК-70 шағын ауданында 1500 орындық «Келешек мектебінің» ашылу рәсімі өтті. Аймақ басшысы қала тұрғындарын, ұстаздар мен оқушыларды жаңа мектептің ашылуымен құттықтап, жиналған жұртшылыққа ізгі тілегін айтты.

«Президентіміз «Баланың бәрі бірдей. Ауыл баласы мен қала баласының білім алу мүмкіндігі де бірдей болуы керек. «Келешек мектептері» жобасының негізгі мақсаты да – осы», деген болатын. Бәсекеге қабілетті, заманның жаңа шақыр-туларына дайын, озық ойлы ұрпақ тәрбиелеу – мемлекет алдындағы стратегиялық маңызды мәселе.

Сыр өңірінде Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен білім саласында ауқымды жобалар мен тың бастамалар жүзеге асуда. Аймағымыздың білім беру саласына соңғы үш жылда 812 млрд. 245 млн. теңге, биыл 346 млрд. 800 млн. теңге бөлінді. Өткен жылы 31 млрд. 800 млн. теңгеге 13 білім беру ұйымы жаңадан ашылды.

Баршанызды жаңа мектептің

ашылуымен құттықтаймын! Бұл – жай ғана ғимараттардың салынуы емес, жаңа дәуірде білім алатын озат оқушыларға жаңа мүмкіндіктер сыйлау. Жаңа мектеп әрбір оқушының асыл арманын оятатын, биік мақсатқа жетелейтін ізгі орын болсын! Санасы сергек, ойы ұшқыр, бәсекеге қабілетті оқушыларымыздың қатары көбейсін!», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Қызылорда облысында «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 54 млрд. 391 млн. теңгеге 10 жаңа мектеп салынды. 2023 жылдан бері 5 млрд. 700 млн. теңгеге 9 мектептің жанынан қосымша ғимарат бой көтерді. Бұл арқылы өңірдегі үш ауысымдық мектептер мәселесі түбегейлі шешімін тапты.

ДҮР ОҢҒАР АУЫЛЫ ГАЗҒА ҚОСЫЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қармақшы ауданының Дүр Оңғар ауылына газ қосу рәсімі өтті. Аймағымызда 2021 жылдың соңында газдандыру деңгейі 67 пайыз болатын, 2022-2025 жылдар аралығында 63 млрд. 600 млн. теңгеге 77 жоба жүзеге асырылды.

«Мемлекет басшымыз «Үкімет газ тартылған елді мекендердің санын барынша арттыруға және 1700 шақырым газ желісін жаңғыртуға тиіс. Бұл 300 мыңнан астам адамды көгілдір отынмен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді», – деп атап өтті.

Өткен аптада Сырдария ауданының Шаған ауылына табиғи газ берілсе, Жаңақорған ауданында автоматты газ тарту станциясы іске қосылды. Бүгін өздеріңізбен бірге Дүр Оңғар ауылы тұрғындарының тұрмыс-тіршілігіне жаңа тыныс беретін іс-шараға, табиғи газға қосу сәтіне куә болудамыз. Осындай жұмыстардың нәтижесінде биыл облысымыздың газдандыру көрсеткішін 83 пайызға жеткіземіз.

Бұл – бәріміздің ортақ қуанышымыз! Елдің дамуы ауылдан, ауылдың гүлденуінен басталады. Ауылдың дамуы, келешегінің жемісті болуы – Сіздерге, еңбекқорлықтарыңыз бен ауызбірліктеріңізге байла-

нысты. Баршанызға мықты денсаулық, отбасыларыңызға бақ-береке, еліңіздің жолындағы қызметтеріңізге сәттілік тілеймін!», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Рәсімде ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан алдыңғы буын ағалар мен мердігер мекеме қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Айта кетейік, бүгінде Қармақшы ауданын газдандыру деңгейі 78 пайыз. Екі мыңнан астам тұрғыны бар Дүр Оңғар ауылының газ желісіне қосылуы бұл көрсеткішті 83 пайызға жеткізеді. Аталған жобаға облыстық бюджеттен 7 млрд 200 млн теңге бөлінді. Ауылға тартылған 62,5 шақырымдық жоғары қысымды газ құбыры Жосалы кентіндегі автоматтандырылған газ тарту станциясынан Сырдария өзені арқылы жүргізілді. Бұл жоба алдағы уақытта 10 мыңнан астам халқы бар 9 елді мекенді кезек-кезеңімен магистральдық газ желісіне қосуға мүмкіндік береді.



АДАМЗАТҚА ТӨНГЕН ҚАУІПТІ ДЕРТ

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық ғылыми әмбебап кітапханасында 1 желтоқсан – Дүниежүзілік ЖИТС-ке қарсы күрес күніне орай «Адамзатқа төнген қауіпті дерт» атты тақырыптық кеш өткізілді.

Іс-шараға Қызылорда облыстық АИТВ инфекциясының алдын алу орталығының ұйымдастыру әдістемелік бөлімінің дәрігері Қыстаубаева Жанымгүл Қыстаубайқызы қатысып, жастарға ғасыр дертіне айналған ЖИТС-ның адам өмірі үшін қауіптілігін, қатерлі жұқпалы дерттің зиянды жақтарын жан-жақты түсіндіріп, сурақтарға жауап берді.

ӘКІМШІЛІК ЖАУАПТЫЛЫҚҚА ТАРТЫЛДЫ

Арал аудандық сотында Қазақстан Республикасының ӘҚБтК-нің 612-бабының 3-бөлігі бойынша азамат С.-ға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды. Іс құжаттарынан анықталғандай, азамат С. көлік құралдарын басқару құқығынан айырылған адам бола тұра, көлік құралын басқарған. Сот отырысында оның құқық бұзушылық әрекеті зерттелген іс құжаттарымен дәлелденген.

Сот қаулысымен С. жасаған құқық бұзушылығы үшін кінәлі деп танылып, оған 196 600 теңге айыппұл салынды.

Арал аудандық соты



«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТІ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2025 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 4502 теңге 22 тиын

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекеменіңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 705 982 76 61,
8 777 752 54 63.



ЕҢБЕК САҚТАҒАНОВ – ҚР ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ АТАНДЫ

Шымкент қаласында 23–27 қараша аралығында қазақ күресінен ересектер арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты өтуде. Дүбірлі додаға еліміздің 17 облысы мен 3 қаласынан келген 500-ге жуық спортшы 16 салмақ дәрежесінде өзара бақ сынасуда. Алғашқы жарыс күнінде қызылордалық балуан Еңбек Сақтағанов топ жарып, чемпион атанды.



Сыр өнірінде айтулы күн. Өйткені экономиканың күретамыры саналатын отандық жол инфрақұрылымын жетілдіру тарихының жаңа парағы ашылды. Халық көптен күткен «Қызылорда-Жезказған» жолы пайдалануға берілді.

«ҚЫЗЫЛОРДА- ЖЕЗҚАЗҒАН» ЖОЛЫ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Салтанатты рәсімге облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, «Қазавтожол» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Дархан Иманашев, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеумбетов, құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, депутаттар және ардагерлер қатысты. Аймақ басшысы бұл жолдың өңір экономикасына, өндірістің өркендеуіне, тұрғындардың әл-ауқатының артуына тигізетін оң ықпалы мен ерекше маңызын атап өтті.

«Бүгін – аймағымыз үшін тарихи күн. Президентіміздің қолдауының арқасында қанша жылдан бері халқымыз көтерген өзекті мәселе өз шешімін тапты. Облыс аумағындағы 216 шақырым жол толық қайта жаңғыртудан өтіп, тиісті жұмыстар аяқталды. Жобаны жүзеге асыруға 84 млрд. тенге бөлінді. Әрдайым бірлігіміз бекем, ынтымағымыз ырысты болсын! Жүргізушілер мен жолаушыларға ақ жол, сәт сапар тілейміз! Жаңа жол берекенің

бастауы болғай», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

«Қызылорда-Жезказған» жолының ашылуы келесі жылға жоспарланған болатын. Халықтың сұранысы ескеріліп, мерзімінен бұрын пайдалануға берілді. Жол тегіс, сапасы жоғары, қауіпсіздік, жайлылық ескерілген. Бүгінде «Қызылорда-Жезказған» жолын «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автодалізіне қосатын 25 шақырымдық айналма жол салатын мердігер мекеме анықталуда. Жақын күндері құрылысы басталады. Жоба құны – 46 млрд. 3 млн. тенге.

Республикалық маңызы бар жол көлік қатынасын едәуір жеңілдетіп, жүк тасымалының тиімділігін арттырады. Жол бойында заманауи сервистік қызмет көрсететін пункттер бой көтеріп, шағын және орта бизнес жанданады. Аймақтар арасындағы әлеуметтік-экономикалық интеграция нығая түседі.

ТЕКСЕРУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен өткен облыстық прокуратураның алқа отырысында жер заңнамасының сақталуына жүргізілген тексеру қорытындысы талқыланды.

Оған барлық құқық қорғау органдарының бірінші басшылары және мүдделі мемлекеттік органдардың жетекшілері қатысты. Жиында жеке тұрғын үй құрылысына жер бөлу кезектілігін реттеу, Бас жоспар талаптарының сақталуын қамтамасыз ету, заңсыз иеленген

жерлерді түгендеу, су қорғау аймақтары мен белдеулері туралы мәліметтерді кадастр жүйесіне енгізу, ауыл шаруашылығы дақылдарының ротациясын сақтау мәселелері жан-жақты талқыланды.

Сонымен қатар, отырыста облыс әкімінің орынбасары

Мейрамбек Шермағанбет, облыс прокурорының орынбасары Нұрболат Дүйсенбаев, облыстық жер ресурстарын бақылау инспекциясының басшысы Марат Көшекөв баяндама жасады. Қорытындысында саладағы құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында бірлескен іс-шаралар жоспарын бекіту туралы шешім қабылданды.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі

СТУДЕНТТЕРГЕ ТҮСІНДІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ

Болашақ колледжде әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенцияға арналған іс-шара өтті. Шараның негізгі мақсаты – студенттерге тұрмыстық және гендерлік зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша қабылдануы тиіс шаралар жөнінде түсіндіру, құқықтық әрі психологиялық сауаттылықты арттыру.

Іс-шараға Қызылорда облыстық психикалық денсаулық орталығының психологы Асель Сайлауқызы, облыстық жастар денсаулық

орталығының валеолог маманы Алтаева Арай, сондай-ақ Қызылорда ҚІПБ-ның отбасы-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бөлімшесінің бастығы, полиция майоры Айгерім Ерболат, отбасын қолдау орталығының директоры Гүлнара Жақсылыққызы қатысып, гендерлік зорлық-зомбылықтың және ерте жүктіліктің алдын алу бағытында кең көлемді құқықтық-психологиялық кенестер берді.

Шара барысында студенттерге қауіпсіз мінез-құлық дағдылары, өз құқықтарын қорғау жолдары және көмек алуға болатын құзыры органдар жөнінде маңызды ақпарат ұсынылды.



КОМАНДАЛЫҚ-ШТАБТЫҚ ОҚУ-ЖАТТЫҒУЛАРЫ ӨТТІ

Қызылорда қаласында қыс мезгілінде туындауы мүмкін төтенше жағдайлардың алдын алу және жою мақсатында «Қыс-2025» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуы өтті.

Сырдария өзенінің сол жағалауында ұйымдастырылған оқу-жаттығу

жұмыстарына қала әкімінің орынбасары Арнұр Нұрмағамбетов пен қалалық Төтенше жағдайлар басқармасының бастығы азаматтық қорғау подполковнигі Руслан Ерсұлтанұлы және әр саланың жауапты мамандары, еріктілер қатысып, қаланың азаматтық қорғау қызметтеріне саптық қарау жұмыстарын

жүргізді.

Сонымен қатар, оқу-жаттығу барысында қала аумағындағы құлақтандыру жүйелерінің дайындығы, дамыларды бекіту жұмыстары, авариялық-құтқару және іздестіру шаралары пысықталды. Жалпы, оқу-жаттығуға 48 техника мен 168 жеке құрам жұмылдырылды.

ГЕНДЕРЛІК ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ 16 КҮН

Жыл сайын 25 қарашада «Гендерлік зорлық - зомбылыққа қарсы белсенділіктің 16 күні» атты әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жою үшін халықаралық күрес науқаны басталып, 10 желтоқсанға дейін жалғасады. Аталған науқанды 1991 жылы бірінші жаһандық әйелдер көшбасшылығы институтының белсенділері құрған болатын. Әлемдегі барлық ұйымдар бұл акцияны әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алуға және жоюға шақыру мақсатында тиімді пайдаланады.



Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы Конвенцияға сәйкес жыл сайын зорлық-зомбылықты жою күні аталып өтеді. Осыған байланысты қаладағы «Жібек жолы» сауда ойын-сауық орталығында кең көлемді іс-шара ұйымдастырылды. Акция барысында тұрғындарды жеке қабылдау өткізіліп, концерттік бағдарлама мен арнайы флешмоб ұйымдастырылды. «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн белсенді іс-қимыл» акциясы аясында өткізілген шара қоғамда қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайтуға, әйелдер құқығын қорғау мәдениетін арттыруға бағытталды.

Елімізде әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу бағытында ҚР ІІМ, мемлекеттік органдар, үкіметтік емес ұйымдар және халықаралық

серіктестер бірігіп жұмыс істеуде. Алайда статистика әлі де алаңдатарлық. Көптеген әйелдер зорлыққа ұшырағанын ашық айтуға қорқады немесе көмекке жүгінбейді. Осы орайда, ҚР ІІМ-нің ұсынуына сәйкес, Қызылорда қаласының Полиция басқармасы Қоғамдық қауіпсіздік бөлімі Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жұмыстарын жасауда. Акцияның негізгі мақсаты - қала тұрғындары мен халықтың кең топтары арасында әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу, оны болдырмау, ана мен баланы қорғау, сондай-ақ қоғамдағы отбасының ролін күшейту.

«Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» - бұл тек ақпараттық науқан ғана емес. Бұл - әр адамның қауіпсіздік, теңдік және қадір-қасиетке лайық өмір сүру құқығын қолдайтын қозғалыс.



ЖАС АСПАЗДАР БАЙҚАУЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Жұмысшы мамандықтар жылы аясындағы кезекті байқау қаламыздың жас аспаздары арасында өтті. Шараны ұйымдастыруға «Қыз Жібек» мейрамханасы қолдау көрсетті.

Байқауға 6 үміткер қатысып, олар бір ыстық тағам және салат дайындау бойынша өз шеберліктерін көрсетті. Қазылар алқасының шешімімен Али-Азат Әділбекұлы жеңімпаз атанып, арнайы ақшалай сыйлыққа ие болды. Айта кетейік, бұл байқау төртінші жыл қатарынан дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келеді.

ЖОЛДАР ЖАҢАРУДА

Жол инфрақұрылымы өңір экономикасының маңызды әрі күрделі саласы ретінде әрдайым әлеуетті жоба есебінде қарастырылып келеді. Қазір қала орталығымен қатар, шет аймақ, кент пен ауылдық округтерде жолдарды жақсартуды көздеген ауқымды шаруалар атқарылууда. Солардың бірі деп Қызылөзек ауылдық округіндегі берекелі істерді атауға болады.

Бүгінде ауылдық округте 21 көше болса, оның 12-сі асфальтталған, 8 көшеге қиыршақ тас төселген. Биыл «Ауыл - Ел бесігі» жобасы аясында 2 көшеге жол құрылысы жүргізілсе, 2 көше күрделі жөндеуден өтті. Қазір 2,2 шақырымды құрайтын Мұхамедияр Жабағыұлы атындағы көшеге орташа жөндеу жүргізілуде. Оған облыстық бюджеттен 67 млн. 266 мың тенге бөлінген. Мердігер «Tech Service KZ» ЖШС-ті жол құрылысын сапалы әрі уақытылы аяқтау үшін жұмысты жауапкершілікпен атқаруда.

Жалпы, жол инфрақұрылымын дамыту ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға, көлік қатынасын жақсартуға бағытталған нақты істердің бірі болып отыр.



ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ЖЕКЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАЛДЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Жалағаш ауданындағы «Руханият орталығында» ҚР Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, құқық қорғау органдарының бірінші басшыларымен бірге тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

«Азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру – бәрімізге ортақ міндет. Білік пен қоғам арасында тұрақты диалог орнату арқылы ғана қазіргі геосаяси ахуалға бейімделген

үйлесімді мемлекет қалыптастыруға болады» деп атап өткен болатын Мемлекет басшысы халыққа арнаған Жолдауында.

Кейінгі жылдары дәстүрге айналған бастама ел арасында үлкен қолдауға ие болды. Қабылдау туралы алдын ала хабардар болған тұрғындар

облыс әкіміне және құқық қорғау органдарының бірінші басшыларына сауалдарын, ұсыныс-тілектерін жеткізеді. Ашықтық қағидатына негізделіп өткізілген жеке қабылдауға жазылғандардың басым бөлігі көшелерді, әлеуметтік нысандарды жөндеу мен жұмысқа орналастыруға қатысты мәселелерді қозғады. Мысалы, зейнеткер Ақсу ауылдық округінің ішкі көшелерін, аудан тұрғыны Жалағаш кентіндегі Қ.Қазантаев атындағы мәдениет үйін күрделі жөндеу туралы өтінішін жеткізді. Облыс әкімі сала басшыларына тиісті тапсырмалар беріп, заң аясында шешім қабылдау қажеттігін айтты. Қабылдауда жалпы саны 40-тан астам азаматтың өтініші қаралды. Ал, облыс әкіміне 15-тен астам тұрғын өз сұрақтарын қойды.

Халықпен кездесулер, жеке қабылдаулар қоғамда заң мен тәртіп қағидатын ілгерілету үшін керек. Соңында облыс әкімі ардагерлермен кездесіп, ой-пікірлерін, ұсыныстарын тыңдады. Өңірдегі бастамалар, атқарылған жұмыстар және кезегін күткен мәселелер туралы айтты.

50 ПӘТЕРЛІК 25 ЖАҢА ҮЙ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қармақшы ауданының орталығы Жосалы кентінде әлеуметтік осал топтағы азаматтарға жаңадан салынған тұрғын үйлерді табыстау рәсімі өтті. Аймақ басшысы жаңа қоныс иелерін құттықтап, өңірдегі ауқымды жобаларды, құрылыс қарқынын, әсіресе, тұрғын үй құрылысындағы жетістіктерді атап өтті.



«Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы халықты баспанамен қамту мемлекеттік саясаттың басым бағыты екенін атап өтті. Өңірімізде құрылыс қарқынды, 2022 жылдан бері 200-ге жуық әлеуметтік нысан салынып, бүгінде тұрғындар игілігіне қызмет етуде. 2022-2024 жыл-

дары тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға 5 мыңнан астам пәтер табысталды. Облысымызда алғаш рет соңғы екі жылда барлық ауданда біржарым мыңға жуық пәтер салынып, жерлестерімізге берілді. Биыл 3600 пәтерлік тұрғын үй салуға бюджеттен 58 млрд. 785 млн. теңге бөлінді. Оның ішін-

де 322 пәтерлік 161 тұрғын үй аудандарда бой көтеруде.

Қармақшы ауданында да 2023-2024 жылдары 2 млрд. 848 млн. теңгеге 207 пәтерлік 103 тұрғын үй сатып алынып, кезекте тұрған азаматтарға берілді. Осы жолы тағы 50 пәтерлік 25 жаңа үйді өздеріңізге табыстаймыз. Бүгін – мемлекеттің қолдауын сезінген барлығыңыз үшін ерекше қуанышты күн! Баспаналы болу әрбір отбасын жақсылыққа жетелейді. Жаңа қоныстарыңыздың іргетасы берік, қабырғасы мығым, әр шаңырақ татулық пен берекеге толы болғай! Баршаңыздың дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілеймін! – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Рәсімнен кейін аймақ басшысы ауыл тұрғындарымен, ардагерлермен кездесіп, пікір алмасты. Облыстың әлеуметтік-экономикалық даму бағыты, алдағы бағдар туралы сауалдарға жауап беріп, жиналған жұртшылықтың ұсыныстарын тыңдады.

«Ел тілегі» ақпарат

ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢНАМАЛЫҚ ЖӘНЕ НОРМАТИВТІК ЕРЕЖЕЛЕРГЕ ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасында өнеркәсіптік қауіпсіздік саласын құқықтық реттеу халықаралық стандарттарға кезең-кезеңімен сәйкестендіріліп, қауіпті өндірістік объектілердің қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз етуге бағытталған. 2023–2025 жылдары қабылданған бірқатар заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілерге енгізілген өзгерістер өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесін жетілдіруге, авариялық қатерді төмендетуге және мемлекеттік бақылаудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік берді. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық қорғау, электр энергетикасы және мемлекеттік мүлікті басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2025 жылғы 24 маусымдағы № 196-VIII Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «Азаматтық қорғау туралы» ҚР Заңына (04.10.2023 ж. өзгерістер мен толықтырулар) 2026 жылдың 1 қаңтарынан күшіне енетін бірқатар өзгерістер мен толықтыруларға қауіпті өндірістік объектілерде, қауіпті техникалық құрылғылар мен техникалық құрылғыларда, әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде авариялар, оқыс оқиғалар кезінде туындайтын қауіпті өндірістік факторлардың жұмыскерлерге мен халыққа зиянды әсерінің алдын алуға бағытталған. Өндірістік бақылауды ұйымдастыру талаптарының күшейтілуі «Азаматтық қорғау туралы» Заңға енгізілген өзгерістер кәсіпорын деңгейінде өндірістік қауіпсіздікке жауапкершілікті арттыруға бағытталған. Өндірістік бақылаудың тиімді жүзеге асырылуы кәсіпорын деңгейінде тәуекелдерді төмендетудің негізгі факторы болып табылады.

«Қауіпті өндірістік объектілерді есепке қою және есептен шығару қағидаларына» 2023 жылы өзгерістерімен толықтырулар енгізілген (ҚР ТЖМ №485, 2021 ж бұйрығы). Жанартылған Қағидалар кәсіпорындар тарапынан ұсынылатын құжаттама тізімін нақтылап, объектілерді тіркеу және есептен шығару рәсімдерін автоматтандыруға бағытталды. Қауіпті өндірістік объектілерді тәуекел дәрежесі бойынша нақты жіктеу енгізілді; өтінімдер мен хабарламаларды «Е-Лицензия» электрондық жүйесі арқылы беру міндеттелді; тіркеу кезінде объектінің техникалық жағдайы туралы ақпарат толық және бірыңғай форматта ұсынылуы талап етіледі; есепке алынбаған объектілерді анықтау үшін профилактикалық бақылау тетігі енгізілді. Бұл жаңартулар есептілікті жеңілдетіп, бақылау-қадағалау органдарының деректер базасын нақтылауға мүмкіндік береді.



Саланы цифрландыру және автоматтандыру 2023–2025 жылдары енгізілген цифрлық жүйелер саланың ұйымдастырушылық-техникалық деңгейін жаңа сапаға көтерді. «Е-Лицензия» платформасы арқылы: техникалық құрылғыларды тіркеу; сараптамалық қорытындыларды беру; лицензиялау және рұқсат алу процестері; объектілер бойынша тәуекел деңгейін есептеу толығымен онлайн форматқа көшірілді. Цифрлық интеграциялар деректердің өзектілігін қамтамасыз етеді, адами факторды азайтады және бюрократиялық рәсімдерді қысқартады.

Халықаралық стандарттарды енгізу. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында халықаралық талаптарға кезең-кезеңімен көшу жүзеге асырылуда. Атап айтқанда: ISO 45001:2018 – еңбекті қорғау менеджменті жүйесін енгізу; IEC 61511 – өнеркәсіптік қауіпсіздікке арналған функционалдық қауіпсіздік стандарттары; қауіпті өндірістердің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ететін халықаралық регламенттер.

Бұл нормалар отандық кәсіпорындардың өндірістік қауіпсіздігін халықаралық деңгейге жақындастырады. Енгізілген өзгерістер өнеркәсіптік қауіпсіздік саласын жан-жақты жетілдіруге және қауіпті өндірістік объектілердегі авариялық тәуекелді төмендетуге бағытталған. Құқықтық реттеудегі бұл жаңартулар кәсіпорындардың жауапкершілігін арттырумен қатар, мемлекеттік қадағалау жүйесін цифрландырып, тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

С. САКТАГАНОВ,
Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаменті Өнеркәсіптік қауіпсіздік басқармасының мұнай-газ, мұнай-химия өнеркәсібіндегі, магистральдық құбырларды және жару жұмыстарын мемлекеттік бақылау және қадағалау бөлімінің бас маманы

«Жалағаш аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бөлім басшысының азаматтарды, заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесі

р/с	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
	Бүлембаев Қанат Шамшатович	Бөлім басшысы	Бейсенбі күні сағат 15:00 ден 18:00 ге дейін.	Желтоқсан көшесі, №11	8(72431)31-3-39)

Сенім телефоны: 8 (72431) 31-3-39

Шиелі ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің 2025 жылғы «31» наурыздағы № «113» бұйрығына қосымша

2025 жылғы IV тоқсанына Шиелі ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бөлім басшысының және бөлім басшысы орынбасарының жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау жүргізу кестесі

р/с	Тегі, аты-жөні	Лауазымы	Қабылдау уақыты	Қабылдау мерзімі	Мекеменің орналасқан жері, байланыс телефоны
1	Төлегенов Ағыбай Рүстемұлы	Бөлім басшысы	09:00-13:00 15:00-19:00	Күнделікті	Шиелі кенті, М.Шокай № 53 №2 бөлме. 4-44-36 Сенім телефоны: 4-22-56
2	Баймағанбетов Дәулет Әлмағанбетұлы	Бөлім басшысының орынбасары	09:00-13:00 15:00-19:00	Күнделікті	Шиелі кенті, М.Шокай № 53 №2 бөлме. 4-44-36 Сенім телефоны: 4-22-56

Дауылкөл ауылдық округі әкімінің 2026 жылғы «_____»
№_____ өкіміне 1 қосымша

Дауылкөл ауылдық округі әкімінің 2026 жылдың I-тоқсанындағы азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдау кестесі

Орталық атқарушы органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.Ә.Ж.	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.Ә.Ж. лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органдардың орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Дауылкөл ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Зайыров Сабырхан Дүйсенбайұлы	Ауыл әкімі	сәрсенбі күні сағат: 15.00-18.00	Тұрмағамбет ауылы, Ешнияз сал көшесі, 57 үй	2-50-06
Дауылкөл ауылдық округі әкімі аппаратының сенім телефоны: 2-50-06					



24 БАЛА КӨЗ ЖҰМДЫ

Үндістанда жөтелге қарсы шәрбаттан уланған 24 бала көз жұмды - деп хабарлайды ақпарат басылымдары. Тамил-Наду штатында балаларға арналған Coldrif жөтелге қарсы шәрбатын ішкеннен кейін 24 баланың қайтыс болғаны анықталған. Еңсерсаулық сақтау және дәріптік қауіпсіздік мамандарының айтуынша, тексеріс кезінде өнім құрамынан өнеркәсіптік уақын қалыптан тыс жоғары мөлшері табылған. Осыған байланысты өндіруші Sresan Pharmaceutical Manufacturer компаниясының лицензиясы тоқтатылып, оқиғаға қатысты тергеу жүргізіліп жатыр.

1,1 МЛРД ТЕҢГЕГЕ САҒАТ САТЫЛДЫ

«Титаник» кемесінің жолаушысы Исидор Штраустың алтыннан жасалған қалта сағаты Девайзес қаласындағы Henry Aldridge & Son аукционында сатылған.

Сағат 1,78 миллион фунтқа (1,1 млрд теңге) бағаланған. Басылымның мәліметінше, бұл - кеме апатына қатысты зат үшін төленген ең жоғары баға. Бұған дейінгі рекорд былтыр сатылған сағатқа тиесілі еді.

18 қараттық Jules Jurgensen сағаты 1912 жылы сәуірде кеме батқан кезде қаза тапқан жолаушысы Исидор Штрауска тиесілі болған. «Титаник» фильмінде Штраус пен оның әйелі Ида бір-бірінен айрылмаған жүп ретінде көрсетіледі.



ЕМХАНАҒА ЖҮГІНГЕНДЕ НЕНІ ЕСКЕРГЕН ЖӨН?

«Мен емханаға бармаймын және МӘМС-ті пайдаланбаймын», «Учаскемді де, дәрігерімді де білмеймін, олар мені іздемейді» деген сөздер орай кейбір азаматтардан осындай пікірлерді естіп жатамыз. Енді біреулер тегін медициналық көмекті алу қиын, оған көп уақыт пен күш кетеді деп есептейді. Осыған орай, емханаға не үшін бару керек және МӘМС жүйесінің мүмкіндіктерін қалай пайдалануға болатынын зерттеп көрейік.

Емханада тіркелген азаматтарға алғашқы медициналық-санитарлық көмек (МСАК) көрсетіледі. Бұл – медициналық көмектің базалық деңгейі. МСАК тіркелген тұрғындарды есепке алады, профилактикалық тексерулер өткізіп, флюорографияға түсіреді. Ауруларды ерте сатысында анықтауға, созылмалы науқастардың жағдайын бақылауға, асқынулар мен шұғыл госпитализацияны болдырмауға, жалпы халық денсаулығын тұрақты бақылауда ұстауға көмектеседі. Сайып келгенде, МСАК – сіздің учаскелік дәрігеріңіз және сіз тіркелген емхананың. Кез келген алғашқы шағымдар пайда болған кезде профилактикалық мақсатта немесе бақылау үшін сол жерге жүгінесіз. Сондықтан өзіңіздің қай емханаға тіркелгеніңізді және дәрігеріңіздің кім екенін білу маңызды.



-Учаскелік дәрігерге бару үшін МӘМС жүйесінде сақтандырылу шарт па?

-Жоқ. Пациенттер учаскелік терапевтке немесе жалпы тәжірибе дәрігеріне «сақтандырылған» мәртебесінің бар-жоғына қарамастан бара алады. Бірақ кейін МӘМС пакеті аясында бейінді мамандардың кеңесі немесе медициналық қызметтер қажет болса, «сақтандырылған» мәртебесін алу керек.

-Бейінді мамандарға жазылу үшін неге учаскелік дәрігерге бару керек?

-Бейінді мамандарға жазылу терапевт арқылы жүргізіледі. Себебі ол бастапқы тексеру жүргізіп, алдын ала диагноз қояды және әрі қарайғы тексерудің қажеттілігін анықтайды. Пациентті қай маманға жолдау керектігін шешіп, қажетті талдаулар мен зерттеулерге жолдама береді. Мұндай тәсіл өздігінен емделудің алдын алып, негізсіз жүгінулерді азайтады және пациенттердің ағынын оңтайландырады. Осылайша, бейінді мамандар өз көмегіне шын мұқтаж жандарға көбірек уақыт бөле алады.

-Анализдер мен диагностикаға жолдаманы қалай алады?

-Кез келген кеңес беру және диагностикалық қызметті емдеуші дәрігер тағайындайды. Ол пациенттің жағдайын, шағымдарын және белгілерін қарайды. Егер тиісті көрсеткіштер болса, дәрігер зертханалық және өзге де зерттеулерге жолдама береді. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде қызмет алу үшін пациенттің «сақтандырылған» мәртебесі болуы шарт.

Медициналық қызметкерлер профилактика, диагностика, емдеу және оңалтудың ең тиімді әдістерін таңдау кезінде клиникалық хаттамаларды басшылыққа алады. Талдаулар мен диагностикалық зерттеулерге жолдаманы тіркелген жеріңіздегі дәрігерден алуға болады. Әдетте бұл – терапевт, ол көрсеткіштер бойынша немесе профилактикалық тексеру аясында зерттеу тағайындайды.

-Жеке клиникада МӘМС есебінен операция жасауға болатыны айтылды. Оған жолдаманы қалай аламын?

-Ауруханаға жатқызу көрсеткіштері пациенттің жағдайына байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Бірақ әдетте жедел ауырсынулар, созылмалы аурулардың асқынуы, жаракаттар немесе стационарлық бақылауды қажет ететін өзге жағдайлар жатады (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 наурыздағы № ҚР ДСМ-27 бұйрығы «ҚР стационарлық жағдайда медициналық көмек көрсету стандарты туралы»).

-**Ауруханаға жату үшін не істеу керек?**
- Тіркелген емханадағы дәрігерге жүгіну. Егер көрсеткіштер болса, маман тексеру жүргізіп, диагноз қою үшін қажетті зерттеулерді толық көлемде тағайындайды;

Емхана жағдайында қажетті минималды тексеруден өту;

Ауруханаға жатуға жолдама алу. Медициналық ұйымды өз дәрігеріңізбен бірге таңдай аласыз;

Ауруханаға жату талонын алу. Ол арқылы «Емдеуге жатқызу бюросы» сайтында (<https://bg.eisz.kz/>) өз кезегіңізді бақылауға болады.

Жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету (ЖТМК) үшін тіркелген медициналық ұйым профильдік маманның қорытындысына сүйене отырып, пациенттің құжаттарын ЖТМК жөніндегі комиссияға жолдайды. Пациент тіркелген медициналық ұйым оған тиісті бейін бойынша осы қызметтерді көрсететін өзге ұйымды таңдау мүмкіндігі бар екенін хабарлауы тиіс.

ЖТМК жөніндегі комиссия жергілікті денсаулық сақтау басқармасының басшысы бұйрығымен жасалады және пациентті тиісті медициналық ұйымға жолдау мәселесін шешеді. Тегін медициналық көмектің кепілді көлемі (ТМККК) тізбесіне кірмейтін мамандандырылған медициналық көмек МӘМС жүйесінде немесе ақылы негізде көрсетіледі. Мамандандырылған көмектің көлемі, соның ішінде зертханалық және диагностикалық зерттеу әдістері, клиникалық хаттамаларға сәйкес айқындалады (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-238/2020 бұйрығына сәйкес).

-Егер маған жолдама беруден бас тартса не істеу керек?

-Егер пациенттің қандай да бір медициналық қызметке көрсеткіштері бола тұра дәрігер жолдама немесе көмек беруден бас тартса емханалар мен ауруханаларда құрылған Пациенттерді қолдау және ішкі сараптама қызметіне жүгіне алады. Бұл қызмет «осында және қазір» қағидаты бойынша мәселелерді шешуге арналған.

МӘМС жүйесіндегі сақтандыру мәртебесін тексеру жолдары:

- 1.Қор сайты <https://msqory.kz/>;
- 2.Telegram арнасында <https://t.me/SaqTandyryBot> сілтемесі арқылы;
- 3.Kaspi Bank, Halyk Bank, Банк ЦентрКредит (BCC.KZ), Freedom Bank, Bereke Bank, HomeCredit Bank, Еуразиялық Банк және Damumed мобильді қосымшалары арқылы.

МӘМС жарналары мен аударымдарын төлеу, көрсетілетін медициналық көмектің сапасына қатысты сұрақтар бойынша хабарласу арналары:

- 1.Қор сайты <https://msqory.kz/>;
- 2.Telegram арнасында <https://t.me/SaqTandyryBot> сілтемесі арқылы.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының баспасөз қызметі

Ресми сайт – <https://msqory.kz/ru/>

Youtube-канал – https://www.youtube.com/@msqory_kz

Telegram-канал – <https://t.me/medsaqtandyru>

Facebook – <https://www.facebook.com/msqory/>

Instagram – https://www.instagram.com/msqory_kz/



Желтоқсанда Ақмола облысы мен Астана қаласында әлеуметтік тұрғыдан осал D және E санатындағы азаматтарды әкімдіктердің жарналары есебінен қамту бойынша пилоттық жоба өткізу жоспарланып отыр. МӘМС туралы заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес бұл механизм жаңа жылдан бастап ел бойынша іске қосылмақ.

2026 ЖЫЛЫ МӘМС КІМДЕР ҮШІН ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛАДЫ

Белгілі болғандай, қазақстандықтардың шамамен 60%-ы МӘМС жүйесінде жеңілдік санатына кіреді, яғни олар үшін жарнаны мемлекет төлейді (мысалы, зейнеткерлер, балалар, студенттер, жүкті әйелдер, мүгедектігі бар жандар, ресми тіркелген жұмыссыздар, атаулы әлеуметтік көмек алушылар және басқалар).

Қазір Қазақстанда 3,5 миллионға жуық адам (халықтың 17,9%-ы) МӘМС жүйесіне қатыспайды. Олардың шамамен 1 миллионын әлеуметтік әл-ауқаты дағдарыстық (D) және шұғыл (E) деңгейде деп танылғандар құрайды. 2025 жылдың 14 шілдесінде қабылданған заң аясында Президент жергілікті атқарушы органдарға тұрғындарды медициналық сақтандырумен қамту жұмысын күшейтуді және медициналық көмекке жүгінген, жұмыс істемейтін, табысы төмен азаматтар үшін МӘМС жарналарын төлеуді тапсырды.

«Әкімдіктер жарнаны D және E санатындағы барлық адамдар үшін емес, нақты МӘМС аясында медициналық қызмет алған азаматтар үшін төлейді. Механизмді мысалмен түсіндірейін. Цифрлық отбасылық карта деректері бойынша, Астанада бұл санаттарға 26 065 адам кіреді. 2026 жылдың

басынан бастап оларға МӘМС шеңберінде медициналық көмек алу құқығы беріледі. Ал егер қаңтар айында олардың 5 245-іне медициналық көмек көрсетілсе, онда келесі айдан – яғни ақпаннан бастап және жыл соңына дейін Астана қаласының бюджеті осы 5 245 адам үшін жарналарды аударарды. Дәл осындай тәртіппен наурыз айында ақпанда МӘМС бойынша медициналық көмекке жүгінген D және E санатындағы тұрғындар үшін төлем жасалады», – деп түсіндірді Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры басқарма төрағасының орынбасары Сәуле Тәжібаева.

Аталған механизмнің техникалық іске асырылуына арналған пилоттық жоба биылғы жылдың желтоқсанында Ақмола облысының және Астана қаласының әкімдіктерімен бірге жүзеге асырылады. Сонымен қатар, Қорда ресми тіркелген жұмыссыздар үшін МӘМС жарналарының төлену тәртібі өзгеретіні атап өтілді: қазір бұл жарналарды республикалық бюджет төлейді, ал 2026 жылдың басынан бастап оларды жергілікті атқарушы органдар төлеуге міндетті. Тек субсидияланатын жұмысқа орналасқан немесе жұмыс берушіде оқып жүрген адамдар бұдан тыс қалады. «Бұл шешім өңірлерге жұмыс орындарын көбірек ашуға,

азаматтарға жұмыс табуға көмек көрсетуге, кедейлікті азайтуға және жұмыссыздарды неғұрлым дәл есепке алуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ қиын жағдайға тап болған отбасылардың тұрмысын жақсартуға сеп болады. Нәтижесінде осал топтар медициналық көмекке қолжетімділігін сақтайды, ал 2026 жылы МӘМС жүйесіне шамамен 45,3 млрд теңге түседі, оның 30,4 млрд теңгесі – әлеуметтік осал азаматтар, 15 млрд теңгесі – жұмыссыздар үшін аударылатын жарналар. Бұл өз кезегінде сапалы медициналық қызметті пайдаланатын адамдар санын арттырады», – деп атап өтті Сәуле Тәжібаева.

Жарна мөлшері өңірдегі орташа жалақыға сүйене отырып, басқа жеңілдік санаттары үшін қолданылатын ережелерге сәйкес есептеледі.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының баспасөз қызметі

Ресми сайт – <https://msqory.kz/ru/>

Youtube-канал – https://www.youtube.com/@msqory_kz

Telegram-канал – <https://t.me/medsaqtandyru>


Facebook – <https://www.facebook.com/msqory/>

Instagram – https://www.instagram.com/msqory_kz/

Қуанышбек Нұрбергенұлы:

ИНСУЛЬТ – МИ ҚАН АЙНАЛЫМЫ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖЕДЕЛ БҰЗЫЛУЫ

Инсультке шалдыққан адамдардың жартысынан астамы мүгедек болып қалады. Осындай ауыр салдарын төмендету үшін инсультті бірден танып, дер кезінде көмек көрсете білу керек. Аурудың алғашқы белгілерін қалай анықтауға болатыны және асқынуына жол бермеу жөнінде Қызылорда қаласындағы «ALEXEY SULTAN-AKHMET» ЖШС директорының орынбасары, невролог – дәрігері, эпилептолог Қуанышбек Алмағамбетов сұхбат барысында айтып берді.



-Қуанышбек Нұрбергенұлы, инсульт деген не?

-Инсульт – ми қан айналымы жүйесінің жедел бұзылуы. Ишемиялық инсульт көбіне тромб немесе эмбол әсерінен мида қанмен қамтамасыз ететін артерияның бітелуі салдарынан дамиды. Геморрагиялық инсульт ми артериясының жарылуынан пайда болып, миға қан құйылуына әкеп соғады.

-Инсульт жасарып барады. Қауіп тобындағы науқастардың жас шамасы қандай?

-Өкінішке орай, ауру жасы 45-тен асқан адамдарды ғана емес, жастарды да жеңіп отыр. Менің тәжірибемде 18-20 жастағы пациенттер де кездеседі. Олар медициналық оңалтудан өтіп, мамандардың тұрақты бақылауында болады.

-Инсульт қалай анықталады?

-КТ және МРТ – қан айналымы бұзылысының ошағы мен сипатын барынша дәл анықтауға мүмкіндік беретін әдіс. Атап өтетіні, МРТ инсульттің болатынын немесе оның белгілерін алдын ала анықтай алмайды. Аппарат тек қалыптасқан ишемиялық ошақты, қан құйылуын және зақымданған тамырларды көрсетеді.

-2026 жылдан бастап инсульт тегін медициналық

көмектің кепілдендірілген көлеміне енгізіледі. Сақтандырылмаған пациенттер қандай қызметтерді пайдалана алады?

-Иә, 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап әлеуметтік маңызды аурулардың 11 нозология бойынша жаңартылған тізімі күшіне енеді. Бұл кейбір заңнамалық актілеріне міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру және медициналық қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР заңында қарастырылған. Алғаш рет тізімге жыл аясында инсульт нәтижесінде пайда болған эпилепсия және цереброваскулярлы аурулар енгізілді. Бұл емдеу тиімділігін арттыру мақсатында ауруды ерте сатысында анықтауға, дәрі-дәрмекпен тұрақты қамтамасыз етуге және үздіксіз бақылауды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Инсультке шалдыққан науқастарға, МӘМС жүйесіндегі мәртебесіне қарамастан, шұғыл көмек пен стационарлық ем тегін көрсетіледі.

-Инсульттің қалай алдын алуға болады? Қандай тексерулер адамның ауруға бейімділігін анықтап бере алады?

-Тұрақты түрде скринингтен өту маңызды. Биыл инсульт пен ми қан айналымының басқа

да бұзылысының алдын алуға бағытталған скрининг енгізілді. Енді 50 жасстан асқан ер адамдар әр екі жыл сайын емханалардан міндетті тексеруден өтуі тиіс. Ми қан тамырларының жағдайын анықтаудың ең қолжетімді әрі дәл бағалау әдісі — УЗИ. Ол аурудың ерте сатысында анықтауға көмектеседі. Егер пациент МӘМС жүйесінде сақтандырылған және артериалды гипертензия бойынша диспансерлік есепте болса, ол жыл сайын тексеруден өте алады.

-Инсульттің алдын алуға байланысты қандай кеңес берер едіңіз?

-Артериалды қан қысымы мен холестерин деңгейін бақылауда ұстаның. Салауатты өмір салтын ұстанып, ұйқыша ретке келтіріңіз, темекі мен алкоголь тұтынудан, сондай-ақ энергетик сусынар ішуден бас тартыңыз. Сонымен қатар, әрине, күйзеліске түсуден сақ болыңыз. Эмоционалды тыныштық инсульт профилактикасында маңызды роль ойнайды.

-Өңіміңізге алғыс білдіремін.

Сұхбатты жүргізген
Айгүл АХАНОВА

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор-Редактор
Егиншибаева Анар
Жақсыбекқызы

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Рысбай Кәрімов

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде қайта тіркеліп, 2025 жылдың 30 маусым айында есепке алу туралы номері KZ 53VPY00123138 күшілігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – ж, 19.10.2007 ж

Редакцияның
мекен-жайы:
Тоқмағанбетов
көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілерін үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 9726 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №257

E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
[https:// ret-gazeta.kz/](https://ret-gazeta.kz/)